	атқаратын қызметі ҰІӨ мақсаты: дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету. Дағды: Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дене мүшелерінің атқаратын қызметін ажыратып қазақша атайды, жаңасөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс қайталайды. Түсінеді: сөздерді, қарапайым сұрақтарды түсінеді. Қолданады: сөздер мен сөйлемдерді қолданады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Көру – көзбен көру. Тыныс алу – мұрынмен дем алу.Есту – құлақпен есту. Ұстау – қолмен ұстау. Түсіну: Дидактикалық ойын: «Мұрын, мұрын, мұрын Мұрын, мұрын, мұрын – бас. Мұрын, мұрын, мұрын – қол. Мұрын, мұрын, мұрын – аяқ. Балаларды шатастырып, басқа дене мүшелерін көрсетуге болады. Білу: Тақпақ жаттау: Не үшін? -Екі көзің не үшін керек? -Жақсыларды көру үшін. -Екі қолың не үшін керек? -Елге көмек беру үшін. -Құлақ деген не үшін керек?	дастарқан. <i>(Акварель бояу)</i> ҰІӨ мақсаты: қазақтың дастарқаны, қонақ күту рәсімі туралы түсініктерін жетілдіру. Іс-әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту. Дағды: әсемдікті, сұлулықты сезіне білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дастарқанды әшекейлеп, безендіре алады; Түсінеді: дастарқанның, қонақжайлылықтың мән-мағынасын, маңыздылығын; Қолданады: ұқыпты жұмыс жасайды, эстетикалық талғамын қолдана біледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Тік төртбұрышты дастарқанның шеттеріне, бұрыштарына, ортасына түрлі түсті«қызғалдақ», «қошқармүйіз» өрнектерін үйлестіре салу.	ҰІӨ мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту. Дағды: Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: буын санына қарай сөздерді ажыратады Түсінеді: буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Сөздерді буынға бөл»дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лак, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б. Түсіну: «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы <i>(Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)</i> –Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: <i>тарақ, тамыз,</i>	ҰІӨ мақсаты: тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Дағды: заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: тазалық заттарын атайды, сөйлемдер құрады. Түсінеді: жұмбақтарды, мақалды түсінеді. Қолданады: қарапайым сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау). Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз. Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі. Түсіну: Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта» Тазалықты.....(сүйеміз) . Сабын, жөкемен..... (денемізді жуамыз). Сүлгімен..... (денемізді сүртеміз). Тарақпен..... (шашымызды тараймыз).	жануарларының қандай пайдасы бар? ҰІӨ мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабайы аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету. Дағды: Тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: үй жануарларының түрлерін атап береді, үй жануарлары мен жабайы аңдардың бір-бірінен ажыратады. Түсінеді: адамға әкелетін пайдасын түсінеді. қолданады: коммуникативтік байланыс орната біледі, топпен жұмыс істей алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Балаларды зерттеу жұмысына қатысуға шақырады Сендер қалай ойлайсыңдар, жануарлар әрқашан адамның жанында тіршілік етті ме? Сендер ит, мысық сынды өзгеде үй жануарларының арғы атасы кім болғанын білесіңдер ме? Үй жануарлары орманда өз бетінше тіршілік ете ала ма еді? Орманда оларға қандай қауіп төніп тұр?
--	---	--	---	---	---

	-Ақыл-кеңес тыңдау үшін.		<i>тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.</i> -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: <i>балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.</i> -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: <i>сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.</i>		Адамдар жабайы аңдарды өте ерте замандарда қолға үйреткен. Иттердің арғы атасы – қасқырлар, үй мысығының арғы атасы – жабайы мысық, сиырлардың атасы – жабайы бұқалар, шошқалардың атасы – жабайы қабандар, жылқылар мен есектердің атасы – жолақ құландар. Жануарлардың тұратын жерлерін атап береді: сиырлар (сиыр қорада, фермада), жылқылар (ат қорада), қойлар (қой қорада) тұрады. Үй жануарлары орманда тіршілік ете алмайды. Себебі олар ондай жағдайда тіршілік етуге үйренбеген. Түсіну: «Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны. Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді.
--	--------------------------	--	--	--	---

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).

Көру – көзбен көру.

Тыныс алу – мұрынмен дем алу.

Есту – құлақпен есту.

Ұстау – қолмен ұстау.

Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау).

Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз.

Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.



Ойын: «Патша»

Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш-ш-ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш-ш-ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.20 – 11.50

4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Құрлықтар бойынша саяхат.

ҮІӨ мақсаты:

Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.

Дағды: Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу

4. Музыка-шығармашылық әрекет
Тақырыбы: Айнала ақша қар.

ҮІӨ мақсаты: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру.

Дағды: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыландыру.

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Құрлықтар бойынша саяхат.

ҮІӨ мақсаты:

Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.
Дағды: Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: екі тізе ортасына

4. Музыка-шығармашылық әрекет
Тақырыбы: Бесік жыры.

ҮІӨ мақсаты: Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету.

Дағды: Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айтуға дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: жақсы таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Байқоңыр.


ҮІӨ мақсаты: Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.

Дағды: Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту арқылы орындауға дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

	кабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: екі тізе ортасына допты қысып, екі аяқпен секіру. Екі табанның шетімен доптықысып алып жүру. Қар кесектерін оң және сол қолмен лақтыру. Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеу. Түсінеді: ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту керектігін; өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастырукеректігін. Қолданады: екі аяғымен бірдей екпінді итеріле алуы, жартылай бүгілген аяғына секіріп түсе білу, педагог белгісі бойынша шұғыл тоқтай алу, кез келген нұсқауды мұқият орындау, үлкен-кіші қадамдармен жүре білу дағдылары мен көзді жұмып кеңістікте қимылдай алу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Тыныс алуды қалпына келтіру. Көзге арналған гимнастика «Біз қысқы орманға келдік. Неткен ғажайып! Оң жақта қайың аппақ тон киіп	Күтілетін нәтиже: Жасайды: әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды. Түсінеді: бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланысу. Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды. Қолдану: Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Педагог топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса,	допты қысып, екі аяқпен секіру. Екі табанның шетімен допты қысып алып жүру. Қар кесектерін оң және сол қолмен лақтыру. Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеу. Түсінеді: ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту керектігін; өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру керектігін. Қолданады: екі аяғымен бірдей екпінді итеріле алуы, жартылай бүгілген аяғына секіріп түсе білу, педагог белгісі бойынша шұғыл тоқтай алу, кез келген нұсқауды мұқият орындау, үлкен-кіші қадамдармен жүре білу дағдылары мен көзді жұмып кеңістікте қимылдай алу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Тыныс алуды қалпына келтіру. Көзге арналған гимнастика «Біз қысқы орманға келдік. Неткен ғажайып! Оң жақта қайың аппақ тон киіп алыпты. Сол жақта шыршалардағы қарлар жылт-жылт етеді. Аспаннан қар қиыршықтары айналып түсіпжатыр. Балалардың алақандарына да түсті». 2.Батпақ әлемі Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшақтар» ойын-жаттығуы:	сүйемелдеусіз орындайды. Түсінеді: музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау. Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева). Балалар шеңбер бойында тұрып, қосаяқтап қоянша секіреді де, музыка өзгергенде аюдың жүрісін салып, қорбандап жүреді. Білу: Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту:«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев). Ән айту ережелерін еске түсіріп, баяу, бірқалыпты, дауысты көтермей айту. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Түсіну: Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев). Балалар шеңбер бойымен тұрады. Топ ішінен бойы ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді	Жасайды: қысқа және кең адыммен жүгіру. Заттар арқылы екі аяқпен секіру (биіктігі –30 см). Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру. Түсінеді: спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасына сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін. Қолданады: баяу қарқынмен жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын орындау, екі аяқпен секіру, кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Зейіндерін жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім шапшаң?» Төрт бастаушыны таңдап, олар түрлі жұлдызшалар береді. Төрт тізбекке тұрады. Бастаушы – командир. Көздерін жұмып тұрады. Осы кезде бастаушылар педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады. Белгі бойынша көздерін ашып, орындарын жылдам табуға тырысады, бастаушының артына тізбекке тұрады.
--	---	--	--	--	---

	алыпты. Сол жақта шыршалардағы қарлар жылт-жылт етеді. Аспаннан қар қиыршықтары айналып түсіпжатыр. Балалардың алақандарына да түсті». 2.Батпақ әлемі Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшақтар» ойын-жаттығуы: Африка Африка, Африка, ғажайып ел! Африка, Африка, ыстық ел! Африка, Африка, тәтті банандар! Өйткені Африкада жыл бойы жаз! 3. «Ыстық елдің жануарлары»: Қол-қол – мынау – қолтырауын. (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады). Мот-мот-мот – пайда болды бегемот. (Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді)Ке-ке-ке – мойны ұзын керік. (Керік сияқты аспанға созылады). Пі-пі-пі – су шашады піл. (Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқты қимылдайды.) Май-май-май – маймылды қара, пай-пай! (Секіріп жүрген маймылды салады).	айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.	Африка Африка, Африка, ғажайып ел! Африка, Африка, ыстық ел! Африка, Африка, тәтті банандар! Өйткені Африкада жыл бойы жаз! 3. «Ыстық елдің жануарлары»: Қол-қол – мынау – қолтырауын. (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады). Мот-мот-мот – пайда болды бегемот. (Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді)Ке-ке-ке – мойны ұзын керік. (Керік сияқты аспанға созылады). Пі-пі-пі – су шашады піл. (Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқты қимылдайды.) Май-май-май – маймылды қара, пай-пай! (Секіріп жүрген маймылды салады).	айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.	
4 үзіліс – 11:50 – 12:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру					

Африкаға саяхатқа шығуды ұсынады. Африка – ыстық ел. Онда арыстан, маймыл, керік, піл т.б. көптеген жануарлар тіршілік етеді. Түрлі түсті құстар өте көп. Бегемоттармен қолтырауындар да бар. Африка, Африка, Ғажайып ел! Африка, Африка, Ыстық ел! Африка, Африка, Тәтті банандар! Өйткені Африкадажыл бойы жаз! «Ыстық елдің жануарлары»: Қол-қол – мынау – қолтырауын. (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады). Мот-мот-мот – пайда болды бегемот. (Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді.) Ке-ке-ке – мойны ұзын керік. (Керік сияқты аспанға созылады). Пі-пі-пі – су шашады піл. (Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқтықимылдайды.) Май-май-май – маймылды қара, пай-пай! (Секіріп жүрген маймылды салады).						Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу. Бетке массаж жасау (укалау) Мақсаты: беттегі белсенді нүктелерді укалап, суық тиюдің алдын алу.Шеке, бет, мұрын ұшын укалайды: саусақтарымен ақырын ұрады. Саусақ ұшымен қастарынан бастап сағат тілінің жүрісіндей көздерін айналдырып 5-6 рет жүргізеді. Қас пен самайдың арасын баяу саусақ ұшымен жүргізеді. Алақандарымен көздерін басады, кірпіктерін сипайды.					
											
											
											
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 11.50 – 12:00		Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуникативтік әрекет Қыс мезгілі туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу.		Математика негіздері – коммуникативтік,танымдық, еңбек әрекеті Нұрымға пішіндерді салыстыра білуге үйрету Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты: Пішіндердің түстерін атайды сипау арқылы		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет Айболға сурет бойынша әңгіме құрастырту. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.		Көркем әдебиет - коммуникативтік,танымдық әрекет (кітап оқып беру); «Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының		Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) Жақсы мен жаман туралы әңгімелесу. Арнурға сурет бойынша өз ойын айытқызу.	

		сипаттайды.		зандылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .	
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 12.00 – 12:30	Қаңтар Серуен-Бақылау №1 Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау Мақсаты: — Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, — Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады Бұл неткен күшті тазалаушы еді, Үйілген қарды Өп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина) Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады. ♦ Олар неден жасалған? (темір сымдардан) ♦ Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті) ♦ Ал, мына екінші машинаға назар аударындар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы	Қаңтар Серуен-Бақылау №2 Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; — Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. ♦ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? ♦ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦ Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? ♦ Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? Еңбек Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. Мақсаты: -бірлесе жұмыс істеуге үйрету; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» <i>Мақсаты жүкіруге жаттықтыру;</i>	Қаңтар Серуен-Бақылау №3 Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты: — Ағаштар туралы білімдерін бекіту; — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. Бақылау барысы Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев Қысында да шырайлы, Жасыл шырша ұнайды. Түні бойы жауды қар, Салбырады сәнді тал. Тау баурайы төменде, Өседі жас емендер. Ауыл сәні терек, Терек егу керек. Сырғалы қайың, ақ қайың, Баптайын, күтіп, сақтайын. Басқа ағашпен аралас, Жайқалады қарағаш Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай, Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Балаларға сұрақтар: ♦ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған ♦ Ағаштар не үшін керек? ♦ Ол адамға не береді? ♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?	Қаңтар Серуен-Бақылау №4 Қарды бақылау Мақсаты: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев Қысым-ақ, қысым-ақ, Жібердің қысып-ақ. Қалмаспыз біз деген, Боранға ұшырап. Аппақ қар жауа бер, Риза ғой саған ел. Боратты-ау бораным, Қайратын қарай көр. Біз батыл баламыз, Жылы үй, қорамыз. Ақ ұлпа қарыңнан, Аққала соғамыз. Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен	Қаңтар Серуен-Бақылау №5 Қар ұшқындарын бақылау Мақсаты: — Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару; — Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту.. Бақылау барысы Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға, Балалар жүр мақтанып. Тазарып бар кір, шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет сала бастады. Балаларға сұрақтар: ♦ Жауған қар қандай? ♦ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырындар, қар ұшқындары қандай? ♦ Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма? Д/О: «Ұқсас өрнекті тап». Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу Зерттеу жұмысы Алақандағы қар неге ериді?

	бар) ♦ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады) ♦ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды) ♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне) Зерттеу жұмысы Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру Еңбек Аланды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру Мақсаты: — Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету; — Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар» Мақсаты: — Қозғалыс дағдыларын бекіту; — Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары «Көпірден өт». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Халық болжамы: <i>Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады</i>	— Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру. Мақсаты : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.	♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер? ♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады? ♦ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады? Зерттеу жұмысы: Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды. Еңбек Ағаш түптеріне қар үю. Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.. Қимылды ойын «Аулада қандай ағаштар өседі?». Мақсаты: — Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау; — Сөздік қорларын байыту; — Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу.	қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды. Тәрбиеші сұрақтары. ♦ қыс айларын атаңдар? ♦ қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады? ♦ қарқатқақ қалай пайда болады? Зерттеу жұмысы Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? Еңбек Сырғанаққа су себу Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету. Қимылды ойын «Екі аяз». Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?». Мақсаты: белгіленген жерге дейін екі аяқпен	Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? Еңбек: Қардан қамал тұрғызу Мақсаты: -Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу; -Бастаған істі аяқтауға үйрету. Қимылды ойын «Екі аяз» Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту. Жаттығу ойындары «Байқап өт». Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.
--	--	---	---	--	--

				секіру. <i>Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады.</i>	
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі:Абеуова А.Н.